

Теңізде жүзу кітапшасының, дипломдарды растаудың үлгісін, оларды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою қағидасын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 797 Қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.  
**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 1 5 6 б ұ й р ы ғ ы .

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 863 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 2-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 863 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

3) дипломды растау үлгісі;

4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 863 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

6) Дипломдарды растауды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 10.08.2015 № 623 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдерінің күші жойылды  
д е п т а н ы л с ы н :

1) "Қазақстан Республикасының теңізшісі паспортының үлгісін (сипаттамасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 тамыздағы № 941 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 28, 317-құжат) ;

2) "Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қарашадағы № 1134 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 42, 572-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.

Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы

14 шілдедегі

№ 797

қаулысымен

бекітілген

## Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің үлгісі

Ескерту. Үлгі алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 863 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы

14 шілдедегі

№ 797

қаулысымен

бекітілген

## Теңізде жүзу кітапшасының үлгісі

Ескерту. Үлгінің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі  
№ 797 қаулысымен  
бекітілген

## Дипломды растау үлгісі

Қазақстан Республикасының  
Е л т а ң б а с ы  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1995 ЖЫЛҒЫ ТҮЗЕТУЛЕРІМЕН 1978 ЖЫЛҒЫ ТЕҢІЗШІЛЕР ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ДИПЛОМДАУ ЖӘНЕ ВАХТАНЫ АТҚАРУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ДИПЛОМДЫ ТАНУДЫ КУӘЛАНДЫРАТЫН РАСТАУ	ENDORSEMENTS ATTESTING THE ISSUE OF A CERTIFICATE UNDER THE PROVISIONS OF THE INTERNATIONAL CONVENTION ON STANDARDS OF TRAINING, CERTIFICATION AND WATCHKEEPING FOR SEAFARERS, 1978, AS AMENDED IN 1995
--	---

\_\_\_\_\_ портының теңіз әкімшілігі (иесінің тегі) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ уәкілетті органы (мемлекет) берген немесе оның атынан берілген № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ дипломды жоғарыда көрсетілген түзетулерімен Конвенцияның I/10 ережесінің талаптарына сәйкес куәландырады және заңды иесіне төмендегі функцияларды көрсетілген деңгейде \_\_\_\_\_ дейінгі немесе екінші жағында көрсетілуі мүмкін осы растаудың қолданылу мерзімінің ұзартылуы өткен күнге дейін кез келген көрсетілген шектеулер ескеріле отырып орындауға рұқсат етіледі.  
The administration of port \_\_\_\_\_ certifies that Certificate № \_\_\_\_\_ issued to \_\_\_\_\_ by or on behalf of the Government of \_\_\_\_\_ is duly recognized in accordance with the provisions of regulation I/10 of the above Convention, as amended, and the lawful holder is authorized to perform the following functions, at the levels specified, subject to any limitations

indicated until \_\_\_\_\_ or until the date of expiry of any extension of the validity of this endorsement as may be shown overleaf:

ФУНКЦИЯЛАР	FUNCTION	ДЕҢГЕЙ LEVEL	ШЕКТЕУЛЕР LIMITATIONS	(егер бар болса) APPLYING (if any)

Осы растаудың заңды иесі мынадай лауазымда немесе кемелердің экипаждарын қауіпсіз жинақтауға қатысты Қазақстан Республикасының қолданылатын талаптарында көрсетілген лауазымдарда қызмет ете алады:

The lawful holder of this endorsement may serve in the following capacity or capacities specified in the applicable safe manning requirements of the Republic of **K a z a k h s t a n** .

ЛАУАЗЫМ CAPACITY	/	ШЕКТЕУЛЕР LIMITATIONS	(егер бар болса) APPLYING (if any)

№ растау / Endorsement № \_\_\_\_\_  
берілген (күні) / issued on \_\_\_\_\_

Тиісті түрде уәкілеттік берілген  
лауазымды адамның қолы /  
\_\_\_\_\_ Signature of duly authorized official

(M.O.) Тиісті түрде уәкілеттік берілген  
(Official Seal) лауазымды адамның тегі /

\_\_\_\_\_ Name of duly authorized official

Осы растаудың түпнұсқасы Конвенцияның I/2 ережесінің 9-тармағына сәйкес  
к е м е д е б о л у ы т и і с .

The original of this endorsement must be kept available in accordance with Regulation I/2 paragraph 9 of the Convention while serving on a ship.

Диплом иесінің туған күні / Date of birth of the holder of certificate \_\_\_\_\_

— — — —  
Подпись владельца диплома / Signature of the certificate \_\_\_\_\_

Диплом иесінің фотосуреті/ | Өлшемі |  
Photograph of the holder of the certificat | 3 x 4 cm |

Осы растаудың қолданылу мерзімі \_\_\_ ұзартылған / The validity of this  
endorsement is hereby extended until \_\_\_\_\_

Тиісті түрде уәкілеттік берілген лауазымды адамның  
қолы / Signature of duly authorized official  
( M . O . )  
( Official Seal )

Тиісті түрде уәкілеттік берілген лауазымды адамның тегі/  
Name of duly authorized official

Ұзарту мерзімі / Extension date \_\_\_\_\_

Осы растаудың қолданылу мерзімі \_\_\_ ұзартылған / The validity of this  
endorsement is hereby extended until \_\_\_\_\_

Тиісті түрде уәкілеттік берілген лауазымды адамның қолы/  
Signature of duly authorized official  
( M . O . )  
(Official Seal)

Тиісті түрде уәкілеттік берілген лауазымды адамның тегі/  
Name of duly authorized official

Ұзарту мерзімі / Extension date \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 14 шілдедегі  
№ 797 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру,  
мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою қағидасы**

**Ескерту. Үлгі алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 863  
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

## **Теңізде жүзу кітапшасын ресімдеу және беру қағидасы**

**Ескерту. Қағиданың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **Дипломдарды растауды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою қағидасы**

1. Осы Дипломдарды растауды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабының 2-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және дипломдарды растауды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою тәртібін айқындайды.

2. Д и п л о м д а р д ы р а с т а у :

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына;

2) шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

3. 1978 жылғы Теңізшілерді даярлау мен дипломдау және вахта жұмысын атқару конвенциясына және осы Конвенцияның түзетулеріне (бұдан әрі – ТДДВА) конвенциясына қатысушы басқа мемлекеттер берген дипломдар ТДДВА конвенциясында көзделген жағдайларда және шет мемлекеті берген дипломын тану туралы растауды бере отырып, дипломдарды өзара тану туралы халықаралық келісімдер болған кезде танылады.

4. Шет мемлекеті берген дипломдарды растауды осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген адамдар мынадай құжаттарды ұсына отырып, өтініш жасаған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – Порттың теңіз әкімшілігі ресімдейді және береді:

осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дипломды растау немесе мерзімін ұзарту туралы өтініш қолмен, анық жазумен немесе жазу құрылғысымен толтырылады, түзетулерге рұқсат етілмейді; фотосурет 30x40 миллиметр – 2 дана;

теңізшінің жеке куәлігінің немесе теңізшінің паспортының көшірмелері ( б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ) ;

өтініш берушінің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
тұрған жері немесе уақытша тұрған жері бойынша тіркелуі туралы анықтама;  
тұруға ықтиярхат көшірмесі және тұрған жері немесе уақытша тұрған жері бойынша тіркелуі туралы анықтама (шетел азаматтары және азаматтығы жоқ а д а м д а р ү ш і н ) ;

қолданылу мерзімі кемінде алты айдан кейін аяқталатын диплом көшірмесі;  
көруге және естуге қатысты жарамдылықты қоса алғанда, мерзімділігі екі жылдан аспайтын денсаулық жағдайы бойынша кемелердегі жұмысқа жарамдығын растайтын құжат көшірмесі. Шетелдік денсаулық жағдайы туралы куәлік және анықтама қабылданбайды;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж төлемін растайтын құжаттың көшірмесі.

Дипломды растаудың қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда бұрын берілген растаудың түпнұсқасы ұсынылады.

Теңіз білім беру мекемелерінің түлектері оқу кезінде тренажерлық дайындықтың өткені туралы өтініш-анықтама ұсынады.

Жоғарыда аталған құжаттардың барлық көшірмелері түпнұсқаларымен бірге салыстыру үшін ұсынылады. Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін өтініш берушіге қайтарылады.

5. Жоғарыда аталған құжаттарды ұсынғаннан кейін үміткер біліктілік сынақтарынан өтуге жіберіледі.

6. Біліктілік сынақтарын өткізу үшін ПТӘ Теңіз біліктілік комиссиясын (бұдан әрі – ТБК) құрады. ТБК жұмысына ПТӘ, білім беру мекемелерінің, ғылыми, қоғамдық ұйымдардың және кеме иелерінің қызметкерлері тартылады.

Біліктілік сынақтары сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган бекітетін бағдарлама бойынша практикалық емтиханнан өту әдісімен жүргізіледі. Біліктілік сынақтарының қорытындылары бойынша кандидатқа біліктілік сынақтарынан өткені туралы хаттама беріледі.

Біліктілік сынақтарынан өтудің нәтижесі теріс болған жағдайда үміткер күнтізбелік үш ай өткеннен кейін дипломға растауды беруге қайта жүгінуі және біліктілік сынақтардан өтуі мүмкін.

Дипломдарды растауды беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді ПТӘ біліктілік сынақтардан өту жөніндегі хаттама негізінде қабылдайды.

7. Дипломды растау мемлекеттік (немесе орыс) және ағылшын тілдерінде т о л т ы р ы л а д ы .

8. Біліктілік сынақтарынан өтудің оң нәтижесінде дипломдарды растау немесе олардың мерзімін ұзартуды растау үміткердің өтініші қабылданған

күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде және дипломның қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге беріледі.

9. Дипломдарды растау кеме капитаны кеме экипажы мүшесіне төмендегідей ақпарат ұсынған кезде:

экипаж мүшелері дипломға сәйкес өз міндеттерін орындау кезінде олардың құзыретсіздігі, әрекет еткені немесе әрекет етпегені, тәртіптік бұзушылықтар туралы;

теңізде адамдар өміріне, мүліктің сақталуына тікелей қауіп төнген немесе теңіз ортасына залал келтірілген жағдайда ПТӘ алып қояды.

10. Дипломдарға растау расталған дипломның қолданылу мерзімі өткен соң, сондай-ақ осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген жағдайларда күшін жоғалтады.

11. Жоғалғандарының орнына және бүлінген (зақымданған) кезде оларды одан әрі пайдалану үшін жарамсыз ететін жағдайда дипломдардың жаңа растауын беруді ПТӘ дипломдардың бастапқы растауы үшін осы Қағидада белгіленген мерзімде және тәртіппен жүзеге асады.

12. Дипломдардың растауын алып қою кезіндегі әрекет мынадай рәсімдерді қамтиды:

1) дипломдар растауының иесіне оның біліктілік сынақтардан өту кезінде қойылатын талаптарға сай келмейтіндігі туралы, ол алған диплом растауларын ПТӘ-ға тапсырсын және хабарламамен бірге пошта жөнелтілімі арқылы ПТӘ-ға дипломдар растауын жіберсін деген ұсыныспен бір мезгілде хабардар ету;

2) дипломдарды растауды алып қою туралы ақпаратты дерекқорға енгізу;

3) дипломдарды растауды алып қою туралы ақпаратты баспасөзге орналастыру.

ПТӘ есеп жүргізеді және тоқсан сайын сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті органға берілген және алып қойылған растаулар туралы мәлімет ұсынады.

Дипломдарды растауды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою қағидасына қосымша

## **ДИПЛОМДАРДЫ РАСТАУДЫ (РАСТАУДЫҢ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУДЫ) БЕРУГЕ ӨТІНІШ**

А Т е г і	
В А т ы	( а т т а р ы )



C	Туған күні	( к к - а а - ж ж ж ж )
D	Ту мемлекетінің растауды қайтаруға арналған мекенжайы	
E	ТДДВА қағидасына сәйкес лауазымы (ІІІ ережесі, вахта жұмысын атқаруға жауапты командалық құрамдағы лауазым)	
F	Диплом № _____ Берілген күні _____  Фотосурет  Қолданылу мерзімі _____   мөлшері     3 0 x 4 0 м м     _____     _____     _____   Қол кою орны Қол қойған күні Өтініш берушінің қолы	
G	Кеме қатынасы компаниясының растауы:	
	<i>(Экипажды жасақтау бойынша шетелдік агенттік тек кеме қатынасы компаниясы уәкілетті органға сондай агенттікті өз атынан өтінішті бекіту үшін уәкілеттенгенін анықтайтын жазба өтінішті жолдаған жағдайда ғана кеме қатынасы компанияны ұсына алады)</i>	
	Қол кою орны Қол қойған күні Өтініш берушінің қолы	
	<b>Б а ғ а л а у :</b>	
	__  Жұмыс сынағынан өтеуге тиіс өтініш беруші	
	__  Қосымша лауазымдарда жұмыс істеу үшін өтініш беруші	